

АЛАТАУ Ардагері



ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№10(10) 29 желтоқсан 2023 жыл

ҚУТТЫҚТАЙМЫЗ!

ӨТКЕНГЕ ӨКПЕ ЖОҚ, АЛДАҒЫ ЖЫЛҒА ҮМІТ КӨП

Мінсепті санаулы күндерден соң жаңа 2024 жыл табалдырықтан аттан, төрімізге өтеді. Сол сәттен бастап Жаңа Жыл басталады. Әдетте біздер жер бетіне арайын шашып, нұрын төгіп келген Жаңа жыл, Жаңа күннен жақсылықтар мен қуаныштар күтеміз. Жаңа жыл-әрбір жанның жүрегіне жаңа үміттер мен әңгір армандар ұлататын маңызды мереке. Жаңа жылға таза ниетпен, мол сеніммен қадам басамыз. Дей тұрғанмен баршамыз екі жылдың тоғысында тұрып, өткенді ой елегінен өткізіп есеп береміз.

2023 жыл Алматы облыстық ардагерлер ұйымы үшін табысты жыл болды. Айтар болсақ, «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы облыстық филиалы 2023 жылдың 30 маусымында ресми түрде ашылды. Сол уақыттан бері аудандық және округтік ардагерлер ұйымдарының жұмыстарын жандандыру, жастарға патриоттық тәрбие беру, олардың бойында ұлтжандылық, имандылық, еңбекқорлық қасиеттерді қалыптастыру бағытында бірқатар шараларды жүзеге асырды. Іле, Жамбыл, Еңбекшіқазақ Қарасай аудандарында өзіміздің жоспарымызға сәйкес «Ардагерлер мен зейнеткерлердің қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысуын арттырудағы ардагерлер ұйымдарының рөлі мен міндеттері туралы» көшпелі облыстық семинар, «Ата-баба ұрпақтарының дәстүрлері» аясында «Ата-баба дәстүрі-ұрпаққа аманат» атты көрме ұйымдастырылып, «Баталы ел көгерер» атты батагөйлер сайысы, қыркүйек айында облыс аудандарында ардагерлер ұжымдарының көркемөнерпаздары байқаулары және облыстық фестиваль өтті. 20 қазан күні облыс жастары үшін «Атадан қалған асыл сөз» тақырыбында облыстық конференция өткізілді. Осы конференцияда «Алатау жастары» қоғамдық ұйымы құрылды. Өзіміздің төл басылымымыз «Алатау ардагері» газеті жарыққа шыға бастады.

Құрметті ардагерлер! Біздің жалпы түпкі мақсатымыз - елдің бірлігін ойлап, жастарға үлгі-өнеге көрсетіп, еселеп еңбек етіп, нәтижесін бірге сезіну. Өрбір қол жеткізген жетістігіміз-Сіздердің зор еңбектеріңіздің жемісі. Осылайша қол жеткізген жетістіктерімізді алдағы жылы да жалғастыру жоспарымыздан түспейді. Төрімізге енгелі отырған 2024 жылы да жұрт болып жұмылып атқарар істеріміз ауқымды болғай! Жаңа Жыл елімізге нұр болып келсін. Қажыр-қайратымыз таусылмасын. Еліміз аман, жұртымыз тыныш, тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын.

Ардақты ағайын! Жаңа 2024 жыл Сіздерге жақсылық, отбастарыңызға амандық, мол ырыс-несібе әкелсін! Жыл жаңа жетістіктер мен жаңа мүмкіндіктерге жол ашсын. Үміт пен сенімнің, шаттық пен қуаныштың жылы болсын! Сіздерге мықты денсаулық, отбастарыңызға амандық, баянды бақыт тілеймін! Жаңа жыл баршаңызға құтты болсын!

ЕРБОЛАТ ТҰРЫМБЕТОВ,
Алматы облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы.

ЖАҢАЛЫҚТАР ВЕСТИ

Талғар ауданында екі ауылдың шекарасына өзгеріс енгізілімек

«Талғар ауданы елді мекендерінің шекараларын (сызығы) өзгерту туралы» Талғар ауданы әкімдігінің қаулысы мен мәслихаттың шешімі әзірленді, деп хабарлайды Zakon.kz.

Сонымен, Кендала ауылдық округі бойынша мынандай шешім қабылданды: -Ақдала ауылының шекарасын (шегі) 29,9947 гектарға азайта отырып, яғни Ақдала ауылының жалпы ауданы 705,433 гектар көлеміндегі жаңа шекарасын белгілеу арқылы өзгертілсін; -Кендала ауылының шекарасын (шегі) 59,2225 гектарға азайта отырып, жалпы ауданы 220,806 гектар көлеміндегі Кендала ауылының жаңа шекараларын белгілеу арқылы өзгертілсін.



Цифровой двойник Алматинской области

Реализацию проекта «Цифровой двойник Алматинской области» рассмотрели на совещании с участием руководителей управлений региона, передаёт BaigeNews.kz со ссылкой на пресс-службу акимата региона.



На международном технологическом форуме «Digital Bridge 2023», прошедшем в Астане в октябре, проект цифровой копии Алматинской области стал серебряным призером.

Целью необычного проекта-упрощения взаимодействия акимата и его подразделений с помощью цифровой копии области в интернет-пространстве. Он позволяет проверить и оценить эффективность существующей инженерной инфраструктуры, а также сократить бюджетные расходы.

В рамках проекта было оцифровано и включено: 8967 объектов инженерной инфраструктуры-трансформаторы, насосные станции, шкафы и прочее; 374 416 линейных объектов инженерных сетей протяженностью 10 483,05 километра, в том числе более 4900 километров трубопроводов, более 6200 километров линий электрооборудования и освещения; 413 288 точечных объектов инженерных сетей, в том числе более 40 тысяч колодцев, более 24 тысяч столбов освещения, более 129 тысяч объектов газоснабжения, более 16 тысяч опор телекоммуникаций.

Талғарда әйгілі археолог Карл Байпақовтың құрметіне көше атауы берілді

Алматы облысы Талғар қаласындағы көшелердің біріне әйгілі тарихшы, археолог Карл Байпақовтың есімі берілді. Салтанатты іс-шараға ғалымның жақындары, әріптестері мен шәкірттері қатысты, деп хабарлайды Zakon.kz.

Карл Байпақов Қазақстанның ортағасырлық қалалары тарихын, қала мен дала арасындағы өзара байланысты зерттеп, ғылымда жаңа бағытты дамытты. Көрнекті ғалым Қазақстандағы алғашқы археология бойынша тарих ғылымдарының докторы атанды. Жұбайы Тамара Савельева да дәл осы салада көп жылдан бері еңбек етіп келеді.

Карл Молдахметұлының табанды еңбегінің нәтижесінде 2014 жылы Ұлы Жібек жолының бірінші бөлігі ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мәдени мұралар тізіміне енгізілді. Ондағы 33 қаланың ішінде Талғар қаласы да бар. «Ол кісі маған сабақ берді. Оның шәкірті болып табыламын. Қазақстан археология ғылымына қосқан үлесі ұшан-теңіз. Талғар қаласының зерттелуіне ол кісі мұрындық болды. Зерттеу нәтижесінде Талғардың аумағынан, сыртынан, ішкі бөлігінен көптеген материал анықталды. Темір, металлдан жасалған бұйымдар, көмбелер көп шыққан болатын», - дейді Әлкей Марғұлан атындағы археология институты Ортағасыр археологиясы бөлімінің меңгерушісі Ералы Ақымбек.

Карл Байпақовтың есімі берілген қала шеңберіндегі көше ұзындығы 6 шақырым.

Плато Ассы в Алматинской области возвратили в госсобственность

Плато Ассы, расположенное в Алматинской области, вернуло в государственную собственность. Об этом сообщил мажилисмен Бакытжан Базарбек, передает NUR.KZ.



Новостью о возврате плато Ассы депутат мажилиса Бакытжан Базарбек поделился на своей странице в Facebook. Сейчас депутат в составе республиканской земельной комиссии «Жер аманаты» со своими коллегами находится в Алматинской области, где встретился с населением села Масак Еңбекшіказахского района. «Известное миру плато Ассы возвращено в государственную собственность! На встрече мы объявили населению о возврате в государственную собственность зимовки «Бұғыты» площадью в 2,4 тыс. гектаров. Вместе с тем объявили о возврате в государственную собственность 3 500 гектаров земель сельскохозяйственного назначения на предгорьях Иле-Алатауского парка, известного в народе как плато Ассы», - говорится в сообщении.

Отмечается, что речь идет о земельном участке, ранее принадлежавшем ТОО «Иле-Алатау Тур». Он, по словам депутата, принят в государственную собственность постановлением акима Еңбекшіказахского района 1 июня 2023 года.

ЖАҢАЖЫЛДЫҚ БЛИЦ-ИНТЕРВЬЮ

ЕСКІ ЖЫЛ ЕСІРКЕСІН, ЖАҢА ЖЫЛ ЖАРЫЛҚАСЫН!

Уақыт деген ұлы құдыреттің бір орнында тұрмайтынын жылыстап жылдар артынан жылдардың жылыстағанынан, ақырындап, аяғын аңдап басқан айлардан соң жаңа айлардың келгенінен, уақытта берекеттің жоқтығын сездірген зымыраған күндердің аққан судай өтіп жатқанынан байқауға болады. Соның айқын дәлелі тағы бір жылды тарих қойнауына жіберіп, жаңа жылды қарсы алып, жаңа тірліктің келесі парағына көшкелі отырмыз.

Өткен жыл кімге қалай болды? Оған әркім өз пайымдауына бағасын бере жатар. Бір анығы, келер күннен, оның жақсылығынан әркім үмітті. Біз де ескі жыл мен жаңа жыл арасындағы өліра мезгілде өзіміз телефонмен тілдескен ел-жұртқа екі сауал қойған едік. Сол әңгімеге сіз де ортақ болыңыз, оқырман.

Сонымен, сауалдарымыздың төркіні төмендегідей: Өткен жыл сіз үшін несімен есіңізде қалды? Келер жылдан не күтесіз?

САҚТАШЕВА Жанья,
Есіктегі «Белсенді ұзақ өмір орталығының» директоры:

-Тарих қойнауына өтіп бара жатқан жыл біздер үшін осы орталықты ашуымызбен есте қалды. Бұрын бұл жұмыспен айналыспағаннан кейін тыңнан жаңа жол ашу айтар ауызға ғана оңай еді. Білгенімізден білмегеніміз көп болды. Осы орайда «Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Айгүл Матанқызы Ахметованың тәжірибелі басшылығы арқасында едәуір алға жылжығанымызды айта кеткенім дұрыс болар.

Келер жылы да осы бағыттан таймай, жасы келген аға ұрпақ өкілдерінің құрметін мүмкіндігіміз келгенше ұзартқымыз келеді. Осы орайда мекеме ұжымы бар күш-жігері мен жинаған тәжірибелерін ортаға салады деген үміттемін.

ОРЫНБАСАРҰЛЫ Нұрсұлтан,
облыстық мәслихаттың депутаты:

- Мен үшін 2023 жыл ерекше жыл болып қалады. Облыстық мәслихаттың депутаттығына екінші рет сайландым. Өзім спорттан баптаған шәкірттерім бірнеше рет құрметті мінберлерден көрініп, еліміздің көк туын желбіретті.

Одан бөлек 2023 жылы Қарасай ауданында өткен үлкен басқосуда «Алатау жастары» қоғамдық ұйымын құрдық. Бұл ұйым жастарды болашаққа қадам жасауында бастамалардың ұйтқысы болады деген сенімдемін.

Келесі жылдан күтеріміз сол, бастап жатқан игілікті ісіміздің нақты нәтижесін көрсету. Сол жолда еңбек етеміз деп ойлаймын.

Ескі жыл мен жаңа жыл арасында өткеніне баға беріп, келешегіне үміт отын жағып жатқан ел-жұрттан қалыспай, «Алатау ардагері» газетінің ұжымы саналған біз де өз тарапымыздан осы сұрақтарға үн қосып, өткеніміз бен болашағымыз туралы ой-пікірімізді қоса кеткенді жөн көрдік: -Қолына қағаз-қаламын ұстап жүрген біз үшін 2023 жыл ерекше есімізде қалатын жыл болып отыр. Олай дейтінім, биылғы жыл-аға ұрпақ пен кейінгі толқын саналған жастардың тыныс-тірлігінен көпшілікті хабардар етіп тұратын облыстық «Алатау ардагері» газетінің жарыққа шығып, дүниеге келген жылы. Өзіміз үшін биылғы жылдың басты есте қалар ерекшелігін осы газетпен байланыстырып тұрмыз.

Келер жылдан күтетініміз оқырманымыз көп болып, біз жазған дүниелер қоғамның ілгері дамуына өзіндік үлесін қосса екен дейміз. Жеріміз бүтін, еліміз аман, болашағымыз жарқын болғай.

2024

АБАЕВ Әскербек Көкеулы,
сексенге келген зейнеткер:

- Өткен жыл мен үшін құрмыранның сегізінші белесі-сексенге жеткен қуанышыммен есте қалды. Таяуда ғана, желтоқсанның соңғы күндерінде отбасы, ошақ қасы дегендей, бала-шағамның ортасында, өзімнен сырлас әрі жанашыр замандастарыммен бірге отырып, осы қуанышымның дәмін татуға Алла нәсіп етті. Соған қуанамын. Осы күніме тың жігермен жеткеніме ризамын.

Келер күннен не күтем дейсіз ғой? Мен соғыс жылдарында, ел басына нәубет келген жылдары дүниеге келіпін. Мен шырылдап бесікте жатқаныма ересек ел-жұрт та жылап-сықтап, қан майданға кеткен боздақтарының аман-есен елге оралуын Алладан сұрап, толарсақтан саз кешкен қиын заманды бастарынан өткізіпті. Содан да болар, соны жан-тәніммен сезінген мен енді соғыстың болғанын қаламаймын. Израильдегі жағдай, ағайынды Ресей мен Украина мемлекеттері арасында болып жатқан соғыс маған үлкен ой салады. «Сондай оттың лапылы бізге келмесе екен» деп, шекарамыздың, жеріміздің бүтін, еліміздің амандығын тілеймін.

БЕКСҰЛТАН Елдос, скульптор:

- Мен үшін 2023 жылдың басты есте қалған оқиғасы-еліміздің кемеңгер ұлдарының бірі, абызы Әлмерек бабамыздың алып ескерткішін қазактың Қарадаласының төсіне қойғанымыз. Қазақта «Кешегінді білмей, бүгіннің мертеңінді білем деу қиын» деген сөз бар. Бүгінгі жер бетін басып жүрген жас ұрпақтың өкілі ретінде кешегі тарихқа барша жұртты үңілдіріп, қазақ топырағында өткен талай дүлдүлдер мен жүрегі түкті батырлардың өкілдері өткенін, солардың бірі Әлмерек бабамыз екенін айта алған, соны көрсете білген өз өнеріме ризамын. Мен осы әрекетіммен аға ұрпақ алдындағы парызымыз бен қарызымыздың бір тамшысын өтегендей болдым. Бір жылға таяу еңбегім халықтың көз айымына айналатынына қуанамын.

«Келер жылдан не күтеміз?» дегенге келсем, кешегі тарихты өскелең ұрпақтың санасына сіңіруде алып тұлғалардың бейнелерін жасап, өнер сүйер, оны бағалар жандарға сыйлай бергім келеді. Сол арқылы қазақ елін мәңгілік елге айналдыра аламыз деп ойлаймын. Оған әркім өз әлініше үлестерін қоса жатар. Мен өз үлесімді өнерім арқылы қосқым келеді.

ҚАСЫМХАН Толғанай, Райымбек ауданындағы жас спортшы:

- Хантәңірінің етегіндегі Нарынқол ауылы Алматыдан алыста орналасқандықтан ауыл спортының дамуы оңай емес. Соған қарамастан Нарынқолдағы «Райымбек батыр атындағы спорт кешенінде» спортты жаныма серік етіп жүргеніме қуанам. Бокстан жаттықтырушы Қалқаман Ізбасар ағайға ризамын. Сол кісінің ақыл-кеңесінің арқасында жетістіктерге жетіп келемін. Нақтырақ айтсам, ауданның төрт дүркін жеңімпазы, Алматы облысының бес дүркін жеңімпазы атандым. Одан басқа да жеңістерім бар. Оларды тізбей-ақ қояйын. Соңғы жетістігім, жасөспірімдер арасында бокстан өткен әлем чемпионатында өз салмағым бойынша чемпион атандым. Мен үшін 2023 жылғы есте қалар дүнием- осы.

Келер жылдан күтер үлкен үмітім одан да үлкен рингтерге шығып, елімнің көк туын желбіретсем деймін. Сол жолда аянбай еңбек ете беремін деп ойлаймын.

Блиц-интервьюді ұйымдастырған Алтынбай СИҚЫМБЕК.

БАСНАСОЗ-2024

Құрметті Оқырман!

Облыс ардагерлерінің тыныс-тіршілігін, жас ұрпақты отансүйіштікке, елжандылыққа, имандылық пен ибалыққа тәрбиелеу бағытындағы жүзеге асырған іс-шараларын баспасөз бетінде кеңінен насихаттайтын «Алатау ардагері» атты жаңа газет өмірге жол тартты. Ардагерлердің төл басылымына қолдау көрсетеміз десеңіздер «Алатау ардагері» газетіне жазылыңыз!

Бір жылға жазылу бағасы - 4915,20 теңге

Индексі- 65472

Аға ұрпақ туралы аздаған сыр

ҰЛТТЫҢ АРЫН, ҰРПАҚ ҚАМЫН ОЙЛАҒАН

Қазаққа тән тектіліктің, бекзаттық пен мәрттіктің, көсемдік пен шешендіктің, жарқын үлгісі бола білген азаматтар аз емес. Қай салада еңбек етсе де ерекше іскерлігімен танылып, қарапайым мінезімен қалың жұртқа қадірлі болған Әскербек ағамыз да сексеннің сегізінше аяқ басыпты. Адам баласының ұзақ өміріндегі бел-белестердің бәрі де елеулі саналса керек. Сөйтсе-дағы кемел жасы сексеннің орны мүлдем ерекше екені баршаға мәлім.

жылдар аралығында мұғалім мамандығымен жалғастырып, №6 кәсіптік-техникалық училищесінде кәсіподақ комитетінің жауапты қызметтерін атқарады.

1972-1974 жылдары сол кездері жаңадан құрылған Күрті ауданында қызмет атқарады. Бұдан кейін, 1974-1976 жылдары Алматы жоғары партия мектебін бітіреді.

Әскербек Көкеұлы Жамбыл ауданындағы ең ірі шаруашылықтардың бірі саналған «Қастек» асыл тұқымды қой зауытында 1976-1982 жылдары партия комитетінің хатшысы, одан кейін, 1982-1985 жылдары мемлекеттік мұрағат мекемесінде бөлім меңгерушісі, аудандық атқару комитетінің қызметкері, 1985-1991 жылдары Жамбыл селолық Кеңесі атқару комитетінің төрағасы қызметтерін ойдағыдай атқарған.

Өзінің іскерлік және ұйымдастырушылық қабілетімен танылған Әскербек Көкеұлы 1991 жылдан қазіргі уақытқа дейін аудандық агроөнеркәсіп кешені қызметкерлері кәсіподақ комитетінің төрағасы қызметін абыроймен атқарып келеді. Сонымен қатар, ол ауданда құрылған «Отан» партиясының алғашқы атқарушы директоры, Қарасай батыр қоғамдық қорының директоры қызметін қосымша атқара жүріп, ауданның қоғамдық-саяси өміріне белсене араласты.



Әскербек Көкеұлы ел мен жердің, ауыл адамдарының тағдырына жанашыр, бабалар дәстүріне адал, нағыз ұлтжанды азамат екенін әр қырынан дәлелдеп келеді. Атап айтқанда, «Қарасай батырдың 400 жылдығы» қарсаңында қоғамдық қор құрып, басшылық етті. Жамбыл ауданының орталығында «Саурық-Сұраншы» және «Жамбыл Жабаев» ескерткіштерінің тұрғызылуына бір адамдай еңбегін сипіріп, өз үлесін қоса білді.

Өз кезегінде Жамбыл аудандық мәслихатының бес мәрте депутаты, «Жамбыл ауданының Құрметті азаматы», «Алматы облысының Құрметті азаматы» атақтарына ие болды. Сонымен қатар, «Құрмет»,

«ІІ дәрежелі Еңбек Данқы» ордендерінің иегері және «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 10 жыл», «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 20 жыл», «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл», «Қазақстан Конституциясына 10 жыл», «Қазақстан Конституциясына 20 жыл», «Қазақстан Конституциясына 25 жыл», «Қазақстан Республикасы мәслихатына 20 жыл», «Қазақстан Республикасы мәслихатына 30 жыл» мерекелік медальдарымен марапатталып, «Белсенді қызметі үшін» төсбелгісімен наградталғаны-оның талай жылғы еңбегіне берілген баға.

Жұбайы Жабаева Нұршағұл Оңғарбайқызы-ҚазМУУ-дің тарих факультетінің түлегі. Қырық жылдан астам ауданның білім саласының дамуына үлес қосып, мыңдаған шәкірттерді тәрбиелеген ұлағаты ұстаз. Қажырлы еңбегінің арқасында «Қазақстан Республикасы Білім саласының үздігі» және «Ы.Алтынсарин» атындағы төсбелгілермен марапатталған.

Өнегелі отбасы Ғалия, Әсем-Дария, Дәурен атты үл, қыздарды тәрбиелеп өсірді. «Әке көрген-өк жонар, ана көрген-тон пішер» деп, дана халқымыз айтпақшы, текті әулеттен тараған перзенттері де өмірден өз жолдарын аласпай тауып, қоғамның әр саласында қызмет етуде.

Үлкен қызы Ғалия Әскербекқызы

Герцен атындағы Ресей мемлекеттік педагогикалық университетінің (Санкт-Петербург қаласы) дефектология факультетін бітірген. Қазіргі таңда Алматы қаласындағы Абай атындағы ҚазҰПУ педагогика және психология институтының директоры қызметін атқарады. Педагогика ғылымының кандидаты, педагогика доценті. Күйеу баласы Бауыржан көп жылдар бойы Ішкі істер министрлігі саласында еңбек етіп, полиция майоры шенімен зейнеткерлікке шыққан. Бүгінгі күнде Алматы қаласының дене шынықтыру колледжінде спорт саласының дамуына үлес қосып, шәкірт тәрбиелеуде. Бір үл мен бір қызды тәрбиелеп отырған отбасы. Әскербек Көкеұлы Ғалия атты қызынан екі шөбере сүйіп отыр.

Екінші қызы Әсем-Дария Әскербекқызы ҚазМУУ-дің философия факультетін және аспирантурасын бітірген. Қазіргі таңда Астана қаласындағы Қазақ-Түрік Академиясында қызмет жасайды. Күйеу баласы Әнуар Астана қаласындағы «Мұрағат басқармасы» ММ-сі директорының орынбасары лауазымын атқарады. Отбасы бір үл тәрбиелеуде. Немересі-Алматы қаласының ҚБТУ университетінің студенті.

Ұлы Дәурен Әскербекұлы ҚазМУУ-дің халықаралық қатынастар факультетін бітірген. Қоғам қайраткері, дипломат. Қазақстанның Ресейдегі елшісі. Келіні Айнұр Рашидқызы, қазіргі таңда жеке кәсіпкерлікпен айналысады. Отбасында Адель, Нұрдаулет, Дана, Арлан атты үл мен қыздары тәрбиеленіп келеді. Адель мен Нұрдаулет

немерелері Америка Құрама Штатындағы университетте білім алууда. Дана мен Арлан-мектеп оқушылары. Әскербек аға мен Нұршағұл женгей-дүниеге үш перзент әкеліп, 7 немере, 2 шөбере сүйген, еліміздегі үлгілі отбасылардың бірі. Ұрпағы жалғасқан әке мен шеше үшін, ата мен әже үшін адами бақыттың бағасы мүмкін осы да шығар.

«Қарттары бар ел – қазынасы бар ел» деген сөз бар халқымызда. Осынау жылдар ішінде өмірдің талай белестерінен табысты өтіп, бүгінде өркен жайған алып байтеректей үлкен бір әулеттің ақылшы тірегі, арқа сүйері болып отыр. Данылықтың даңғылына бойлап, ұлттың арын, ұрпақтың қамын ойлаған, өмір жолы өнегеге толы осы жаңы ізгі азаматты қоршаған ортасы әрдайым мақтан тұтады. Осы таңда адам өмір жолының асқар биігіне шығып отырған аға ұрпақ өкілін көшпелілік қайраткер, ғұмырын ел бөлшегіне арнаған арнаған зиялы азамат ретінде таниды.

Қуаныштысы, мерейтойын отбасының, бала-шағасының шаттыққа толы ортасында қарсы алып отыр. Өсіп-өнген, ұрпақ тәрбиелеген, құла-құлағилары мен өзімен сырлас, жанашыр замандастарының ыстық ықыласына бөленген аға ұрпақ өкіліне тек жақсылық, қуаныш мен бақытты ғұмыр тілейміз.

Ел мен жердің, сөзбен істің қадіріне жетіп, тектіліктің қасиетін ұғындырған тау тұлғасы аласармасын. Бір Жаратқан жар болып, қорғай жүрсін, ата-баба аруағы қолдай жүрсін.

Алтынбай СИҚЫМБЕК.

Білім ұжымына-30 жыл

ЖҰЛДЫЗЫ ЖАНҒАН МЕКТЕП

Қазаққа «жұлдызы жанды» деген жағымды сөз тіркесі бар. Астарына үңілесек, жолы болған, биік белеске шыққан, үлкен нәтижені бағындырған тұлғаға немесе ұйымға бағытталады.

Қазақы ортада кең қолданыста болса да бояуы кетпеген бұл сөз тіркесін сонау бір кездері №28 мектептің ашылуына үлесін қосқан және алғашқы жылдары қызмет істеген, еңбекпен шыңдалған ұстаздарға арнаса жарасатын секілді. Себебін арыдан іздейік...

1988-1989 оқу жылында №17 орыс мектебінің бір бұрышында үлкен жүгірістің нәтижесінде бір қазақ сыныбы ашылды. Келесі жылы екі, кейін үш, осылай жылдан-жылға көбейген балаларды бір бұрышта оқыту мүмкін болмады. Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдары бірінші қабылданған балалар 6 сыныпқа көшкен кезде, нақтырақ айтсақ, 1993-1994 оқу жылында Боралдай кант зауытында жұмыс істейтін ата аналарының өтінішімен №28 тұңғыш қазақ орталау мектебі ашылды. Көптен күткен арман орындалды. Бірақ, орыс тілді болып қалыптасып кеткен ортада қазақ мектебін ашу оңайға түспеді. Дегенмен, Боралдай кентінің игі жақсылары жиналып, жас ұрпақтың тәрбиелілігі мен білімділігін ұштайтын орта- мектеп екеніне мән беріп, жана білім ордасын ашуды ұйғарды. Жақсы іске кант зауытының директоры Әбілбек Дүйсеков, автобаза басшысы Мәлс Қазыбаев, «Қазмрамор» зауытының директоры Сәбден Оспанов, кірпіш зауытының директоры Қажымұқан Масимов, ауылдық кеңестің төрағасы Мұратбек Қалдыбаев, №17 мектептің директоры Раиса Исаева және аудандық білім бөлімінің басшысы Ғазиза Қонысбаевалар мұрындық болды. Ал су жана мектептің басшылығы қызметіне жүрегі бала деп соққан, жан - жақты



кәсіби маман иесі Сагира Бекдайрова тағайындалды. Үкілі үмітпен ашылған мектепте Құлтай Рахимова, Алтынай Камалова, Майра Әбдірахманова, Индира Айтмұханбетова, Жанарқұл Отыншиева, Раушан Қалқанова, тағы басқа ұстаздардың әрқайсысы үлкен жауапкершілікті арқаулаған жан-жүрегімен сезініп, оны абыроймен ақтап шығуға бар күштерін салды. Міне, осылай Боралдайдың қазақ балалары армандары орындалып, алтын ұяларында өз ана тілінде білім алды. Дегенмен, талай шәкірттің жұлдызын жаққан білім ордасы арада он бес жыл өткенде, яғни, 2008 жылы желтоқсанда «100 мектеп пен 100 аурухана»

бағдарламасы бойынша салынған №39 гимназияның ашылуына байланысты көшірілді. Ұстаздарының дені қазіргі таңда Іле ауданындағы беделді білім ошақтарының бірі №39 гимназияда еңбектерін жалғастыруда.

Жақында ғана кезінде Боралдай кентінің тарихындағы тұңғыш қазақ мектебі деген статуска ие болған №28 мектепте қызмет атқарған Алтынай Камалова, Әлия Мұхаманова, Райгүл Омарова сынды ұстаздардың ұйымдастыруымен жан-жақтан жиналып, білім ордасының ашылғанына 30 жыл толғандығын атап өтті. Кеш жақсы тілек пен ыстық ықпаласқа, әдемі әзіл мен әуезді әнге толы болды. Жалынды жастығы мен күш жігерін жақсы бастаманы қолдап, жүзеге асыруда жұмсаған, бүгінде орта жасты алқымдаған әріптестеріміз айтары, қызмет барысында басынан кешкен қызықты да қиын оқиғалары, жарқын да жағымды сәттері кеш бойы таусылмады. Жиналғандардың дені - елім деп жүрегі елжіреген, үйреткені мен үйретері мол кәсіби маман болған ардақты зейнеткер ұстаздарға алғыстарын жаудырды, солардың ішінде Сагира Бекенқызы мен Құлтай Омарқызының шоктығы биік болды. Себебі, шәкірттерін шыңға шығаруда қажымас қайрат пен асқан мейірімділіктің, табанды талап пен терең білімнің жұлдызды жандыратынын ұқтырған ұлағаттылардың басы осы тұлғалардан бастау алған еді... Біз де өз тарапымыздан қазақтың кара баласының өз тілінде сауаттануына мүмкіндік жасаған, білім беруде баланың бағбаны болған және бізді де сондай жарқын жолға бағыттаған мәртебелі аға ұстаздарға шексіз алғысымызды айттық.

Гүлсара ЖОЛМАҒАНБЕТОВА, педагог. Боралдай кенті.

Духовный ориентир

Издание лично поздравил президент К.Ж. Токаев. Последний месяц года обозначился в культурной жизни Алматы, да и всей республики, значимым событием: исполнилось 90 лет известному казахстанскому литературно-художественному журналу «Простор».



СТАРЕЙШЕМУ ЛИТЕРАТУРНОМУ ЖУРНАЛУ КАЗАХСТАНА – 90 ЛЕТ!

Учредителем его является Союз писателей Казахстана. По случаю праздничной даты в актовом зале Дома союза писателей на Абылай хана прошло торжественное мероприятие.

Его открыл главный редактор журнала Фархат Тамендаров, после небольшого выступления, предоставивший слово советнику президента РК М.Н.Отарбаеву.

Малик Нуржанович зачитал от имени Касым-Жомарта Кемелевича приветственное слово в адрес известного, с богатой историей журнала, имеющего вес не только в республике, но и во всей Центральной Азии, по всему союзу и в Москве, где публиковались исторические личности, писатели, поэты. Старейшим работникам и авторам «Простора» вручили почетные грамоты за подписью главы государства. С видео обращением к коллективу обратился корифей словесности Олжас Сулейменов, пожелавший обществу вернуть утерянную любовь к книгочтению и высокую планку образованности, духовности.

Далее были выступления первого заместителя председателя правления Союза писателей РК, кавалера Ордена «Курмет» Нуржана Куантаева, президента Казахского ПЕН-клуба Бигельды Габдуллина, главного редактора журнала «Жұлдыз» Турусбека Саукетаева, Президента Евразийского фонда культуры Ерулана Канапьянова, заведующей отделом Института литературы и искусства имени М.Ауэзова РК Светланы Ананьевой,

выставки мастеров кисти, статьи искусствоведов.

Журнал «Простор» начинался с литературного сборника «Казахстан», в котором впервые читателям были представлены на русском языке произведения будущих классиков казахской литературы Ильяс Жансугурова, Сакена Сейфуллина, Сабита Муканова, Беймбета Майлина, Таира Жарокова и других. В разные годы журнал возглавляли Павел Кузнецов, Дмитрий Снегин, Иван Шухов, Геннадий Толмачев, Вячеслав Китенко и Ростислав Петров.

Журнал «Простор» - это и целая плеяда талантливых прозаиков и поэтов, критиков и литературоведов, многие из которых стали классиками отечественной, да и не только отечественной литературы. Достаточно назвать такие имена, как Юрий Домбровский, Иван Щеголихин, Морис Симашко, Юрий Герт, Галина Черногорова, Валерий Антонов, Павел Косенко, Николай Ровенский, Руфь Тамарина, Владлен Бердников, Надежда Чернова и другие. Не только главные произведения русских писателей Казахстана, но всех ведущих казахских писателей были опубликованы в журнале, а так же пишущих на русском языке Олжаса Сулейменова, Ануара Алимжанова, Сатимжана Санбаева, Роллана Сейсенбаева. Традицию публикации лучших произведений русской, казахской и многонациональной казахстанской литературы журнал пронес сквозь годы. И в независимом Казахстане, в новом



главного редактора газеты «Дружные ребята» Альмжана Акбарова, руководителя театра им. М.Лермонтова Юрия Якушева, народного артиста РК Михаила Токарева и других. Вышли на сцену также член Союза писателей, поэт, журналист Рена Жуманова, поэт Сагин Герей, а Альмжан Акбаров даже спел песню. (Извиняемся, если кого-то забыли упомянуть). Тепло встретили зрители концертные номера ансамбля добристов «Дала сазы», лауреата международного конкурса Романида Лидии Колесниковой. Не осталось в стороне от поздравлений и сообщество художников Алматы «Яблонева палитра», Академия искусств РК в лице с известной Нелли Юблея, вручившие медаль и адресную папку юбилея за эстетическое и нравственное просвещение населения. В каждом номере «Простора» публикуются

веке, когда в журнал пришли Валерий Михайлов, Любовь Шашкова, Кайрат Бакбергенов, Ольга Шилленко, Сагин-Герей Байменов, Орынбай Жанайдаров.

«Простор» оставался мерилом таланта и художественного вкуса, преумножая творческие поиски, радуя своих читателей интересными произведениями вопреки всем трудностям становления молодого независимого государства.

От души поздравляем коллектив редакции журнала с серьезной датой и хотим озвучить новый, вдохновляющий девиз редакции: «К столетию, «Простор», скажи во весь опор!».

На мероприятии присутствовал корреспондент «Алатау Ардагері» Рамазан ЕЛШЕВ, Алматы-Отеген батыр.

Өмір жүгін көтергендер



Әбіләкім ағаның балалық бал дәурені ақындар мен батырлар мекені саналатын Қарасаздан басталады. Жалпы білімді Алматы қаласындағы С.М. Киров атындағы №12 қазақ орта мектебінде алған. Өз сөзінде сол мектептегі білімді ұстаздарды есіне алды. Одаққа әйгілі болған, ұстаздардың ұстазы Рафиша Нұржаннан білім алғанын мақтанышымен айтып берді. Мектепте оқып жүрген кездерден химияны ерекше жақсы көріпті. Жан жары Гүлбаршын математиканы өте жақсы білген екен. 1979 жылы жоғарғы оқу орнын бітірген соң Ұйғыр ауданына келіп, кез келген салада өз іскерлігін көрсетті. Талай марапаттар мен алғыстарға ие болды. Бүкіл аудан жұртшылығы Қозбағарұлын жақсы көреді, қадір тұтады. 2019-2023 жылдары Ұйғыр аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы болып қызмет істеді. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де елге, жұртқа өз іскерлігін көрсетті. Сегіз мыңнан аса ардагерлерді бір анық басалындай көріп, қамқорлығын аяған жок. Өткізілген іс –шаралардың үнемі жоғары деңгейде өтуіне атсалысты. Қаншама дүниелер өткіздік. Кез келген жерде жауапкершілік деген ұлы қасиетті жоғары қоя білді, өзгенде де соны талап етті. Істес, қызметтес болған адамдардың бәрі Әбекеннің қарапайымдылығын естеріне алады. Қазірде сол қалпында, ұл-

ӨМІРДЕГІ ҰСТАНЫМЫ БІР БӨЛЕК

Әнде айтылғандай, өмір жүгін көтерген, борышын да өтеген, қайратты, еңбегін елі елеген азаматтар біздің ауданда жеткілікті. Солардың бірі – жақында жетпістің кемеліне мінеуін деп отырған Есаянов Әбіләкім Қозбағарұлы.

кенге құрмет, кішіге ізет көрсете алады. Жан жары Гүлбаршын екеуі-он алты немеренің сүйікті атасы мен әжесі. Жалғыз ұлы мен қыздары-әкеге қарап бой түзеген азаматтар. Бір-бір тізгінді ұстап отыр. Әбекең берген әкелік қамқорлық, тәрбие өз жемісін беруде.

Жақында Әбіләкім Қозбағарұлы 70 деген жастың кемесіне мінеді. 4 қантар күні-үлкен қуаныш. Осы орайда құттықтағым келіп отыр. Мына өлең жолдары сізге арналады:

Құтты болсын 70 деген жасыңыз, Жаманшылық көрмесе екен басыңыз. Бала-шаға ортасында аман боп, Алла берген жастан ары асыңыз!

Сіздің жүріп өткен жолыңыз-бозлашаққа үлгі, өнеге. Бала-шаға сізден үлгі алыс! Бірінші байлық-денсаулық. Сізге зор денсаулық қажымас қайрат тілеймін, аман болыңыз.

Рая САРТӨЛОВА, Ұйғыр ауданы ардагер әжелер кеңесі төрайымы.

Тағылым

ӨМІР ТУРАЛЫ...

Көңілдірек емес, жақсырақ өмір сүргенге не жетсін!
Жетіскеніміз сонша, түсімізде де жарнама көретін болдық.

Өзен ағысымен өлі балық қана жүзеді.
Ештенені жүрекке жақын қабылдама, жақын қабылдасаң, жадында ұстағың келеді, жадында ұстаған жаныңа ауыр тиеді.

Егде тартқанда, еске алатын нәрсе көп болғанымен, естелік етіп жазатын ештеңе болмауы да мүмкін.

Құрылған тұзақтарды айналып өткен сайын, құнды тәжірибеден қағыла бересің.

Өмір математикасы: бөлсетін нәрсе болмаса ұжым болып бірігу оңайырақ.

Уақытты өлтіру үшін көздеудің де қажеті жоқ.

Адамға өмір бір-ақ рет беріледі. Амал жоқ, оны сүресің.

Күйрығы болмаса да бұлғандата алатын адам қаншама?!

Ең дұрыс жол – өз жолың.

Жалғыздық – күштіліктің белгісі.

Тағдыр – өз сәтсіздіктеріңнің ең жақсы сылтауы.

Қатынас ыдыстар: Өмір сүрсен – ішкің келеді, ішсең – өмір сүргің келеді.

Жанбыр жауған жексенбіде не істерін білмей отырып, көп адам мәңгі өмір сүргісі келеді.

Саған керексіз қанша заттың бар екенін туған күнінде анық білесің.

Өйтүргі

«ИМАНДЫ БОЛСЫН!»

Тал бесікке түскен адам ерте ме, кеш пе, жер бесікке түсетіні анық. Бізді жаратқан табиғаттың осындай қатал заңына ешкімнің таласы жоқ шығар. Мына жарық дүниемен қоштасып, ана дүние есігін ашып жатқандар туралы суық хабар жеткенде ең бірінші ауызға аларымыз-«иманды болсын!» деген сөз. Бүгінге әңгіме де осы сөздің төңірегінде болмақ.



Дүниеге келген жан Алла кесіп берген ғұмырында шамасы жетсе иманды болуға талпынады. Сол мақсатпен де кеудесінде санасы бар адам өзін өзі тәрбиелеп, иманжүзді, көркем мінезді, қайырымды жан болуға әрекет жасайтыны анық. Қайтыс болған кісінің хабарын естігенде айтып жүрген «иманды болсын» деген сөзіміздің астарына үңілсек, әлгі кісі тірлігінде имансыз кісі болған сияқты. Оған Алладан иманды болуын енді ғана тілеп жатқан секілдіміз. Ол сөзге илансақ, сонда расымен ол кісінің маңдайына мына жарық дүниеде иман де-

ген дүние, иманды болу жазбаған ба деп қаласың. Онсыз да иманды адамға «иманды болсын» деу орынсыз секілді.

Оның орнына тірлігінде бар иманы ана дүниеде де рухына жолдас болсын деген ниетпен «иманы жолдас болсын», «иманы салауат болсын» дегеніміз дұрыстау, әрі қисынға келетін сияқты.

Сондықтан да өлім бар да, қаза бар жерде «иманды болсын» деп емес, «иманы жолдас болсын» дейік.
Алтынбай ШӘКЕНҰЛЫ.

Тәрбие...

ТҮРМЕДЕН ШЫҚҚАН СЕКІЛДІ...

Кешегі кеңес заманында денесіндегі таңбалары, орысша айтсақ, наколкасы бар адамды кездестірсек, мынау дәу де болса түрмеде болған деп, одан бойымызды аулақ ұстап, шошитын едік. Ол кездегі идеология басқаша болды ма, денедегі наколка-таңбалардың тақырыбы шектеулі болды. Атап айтсақ, кім қай әскери бөлімде қызмет жасаса, сол әскери бөлімдердің таңбалары және қызмет жасаған жылдары көрсетілетін. Одан бөлек, «мені құрғатын дүние- әйел, арақ және карта ойыны» секілді суреттер болатын. Жүрегінің тұсына Ленин атамың суретін салып алатындар да арақидік кездесіп қалатын.

Бұл әңгімені неге айтып отырмын?! Жаз айларында Алматыда бір аялдамада автобус күтіп тұрған едім. Мен сияқты жолушылардың қарасы көбейе баста-


Қыз бала осынысымен не айтқысы келгенін түсінбедім. Шаян түрі сұсты. «Жақындағандарыңды шағып алам» деп тұрғандай. Қыз бала тұрмыста болса, жақсы.

өкінішке орай біздің еліктейтін дүниелеріміз көп болып барады. Баяғыда жыртық шалбар киегіміз. Шамамыз жоқтан. Қазір де жыртық шалбар киеміз. Бірақ шамамыз жоқтан емес, санамыз жоқтан. Еліктеу ме? Еліктеу!

Бұрын еркектер ғана темекі тартатын. Қазір олармен жарысып қыздарымыз да тартады. Еркектерге еліктеген қыздарымыз еркек бола алмай жүр ме? Білмеймін, оны қыздардың өздерінен сұрау керек шығар. Бірақ бұл да-еліктеу!

Ол аз болғандай, енді көшеде наколкасы бар қыздарымызды жиі кездестіріп жүрміз. Оны кімнен қабылдадық? Ұлтқа ана болатын қыздарымыз қайда кетіп барады?! Оны көріп, ештеңе айта алмай, сорлап жүрген біз қайда кетіп барамыз? Бұл дүние бұлыңғырлап бара жатқандай. Қай жарға апарып соғады, уақыт көрсетер. Алайда, бір анығы бар. Сырт көзге таңба-наколкасы бар қыздарымыз түрмеден шыққандай көрініп жүргені анық.

**СИҚЫМБЕКТІҢ
Алтынбайы.**




ды. Ортамызға екі қазақтың қыздарының келе қалғаны. Бірінің иығында шаян жорғалап барады. Тірі емес, суреті. Бірақ тамаша салынған. Тірі секілді. Әлгі сурет ақ қағаз бетінде тұрса, қабылдар едім.Қыздың иығындағы шаян суретін қабылдай алмадым. Кінә шаянда емес, әрине. Кінә қарындасымының санасының төмендігінде.

Болмаса, шағатын шаян жігіт атаулыны қызға жақындатсын ба?! Аузың жаман деменіздер, ана шаян қыздың иығынан түспей қыз тұрмысқа шыға алмайды. Шаянды көрген жігіт безіп кететін секілді.

Мен айтарымды әзілге балағаныммен оның артында әзіл емес, зіл жатқаны анық. Үлкен

Дәстүр

БІЛЕСІЗ БЕ?



ӘЙЕЛДЕ ҚАЙЫН-ЖҰРТ БОЛМАЙДЫ

Әйелдің де үш жұрты бар. Алайда, әйелде қайынжұрт болмайды. Келін болып келген жері-өз жұрты. Екінші жұрты-нағашы жұрты. Үшінші жұрты-төркін жұрты.

ЖИЕН ЕЛ БОЛМАЙДЫ

Қазақта «Жиен ел болмайды, желке ас болмайды» деген сөз бар. Жиен неге ел болмайды? Мұнда ел деген сөзге мән беру керек. Жиен сенің еліңнен емес, оның руы басқа, елі басқа. Бөтен елдің баласы.Ол сенің шежіренді таратпайды, толықтырмайды. Осы сөзді сол үшін айтқан.

ӘКЕСІ БАР БАЛА НЕГЕ БАС ҰСТАМАЙДЫ?

Қазақта «Әкесі тірі адам бас ұстамайды» деген жазылмаған қағида бар. Неге деп ойлайсыз? Адамның Алладан кейінгі пірі-оның әкесі. Әке –шаңырақтың тірегі.Әкесі тірі бала ешқашан да бас ұстамайды. Әкесі барда бас ұстау жат қылық болып саналған. Әкесі өмірден өткенде ағайын-туыс, көрші қолаң қонаққа шақырып, еңсе көтеру ырымын жасап, алдына бас қояды. Әкесі жоқ бала алдына бас қою «Әкен өмірден өтті. Осы шаңырақтың жауапкершілігі енді сенің басына түсті» деген түсінікті қалыптастырады.

ТІЗЕНДІ ҚҰШАҚТАМА, ЖАМАН БОЛАДЫ

Қазақта «тізенді құшақтама, жаман болады» деген ырым бар. Өмір болған соң адамның басынан не өтпейді? Түрлі себептермен үй-жайынан, от басынан айрылып қалған жандарды «Байғұс-ай, қу тізесін құшақтап қалды» деп жатады. «Өмірде жалғыз өзі қалмасын, басынан бұлт торламасын» дейді тағы. Осыны біле жүріңіздер.

БОС БЕСІКТІ ТЕРБЕТПЕ

Қазақта «бос бесікті тербетпе» деген сөз бар. «Неге?» деген сауал туады. Себебі бос бесікке ібілік баласын салып қояды екен. Бос бесікті тербету ібілістің баласын тербетумен тең деген дүние бар. Бос бесікті аластайма баланы жатқызбаға болмайды. Өйткені баланың іші ауырып, мазасы кетеді.

БІР СЕКУНДТЫҢ ҚАЗАҚШАСЫ

Бір секундтың қазақшасы қалай? Білмей жатамыз. Бір секундтың қазақша баламасы-қас қағым. Қас қағым сәт деген осыдан туған.

ҚОЛ ҰСТАТАР ДЕГЕНДІ БІЛЕСІҢ БЕ?

Қазақта «қол ұстатар» деген дәстүр бар. Ұрын келген күйеуге қыздың қолын ұстатқызғаны үшін жеңгесіне беретін кәдені «қол ұстатар» деген.

ҚАРАСАҚАЛ-АҚСАҚАЛ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ

Қазақ қоғамында ер адамға байланысты «қарасақал, ақсақал» деген ұғым бар. Кімдерді «қарасақал», кімдерді «ақсақал» дейміз? Қырық бес жастан асқан ер адамды «қарасақал» деп атайды. Онымен қоғам санасын болған. Жетпістен асқан қарттарды қазақта «ақсақал» дейді.

БҮЙРЕК СЫБАҒА ДЕГЕН НЕ?

Қысқы соғым кезінде соғым иесі әулеттің үлкендеріне арнайы сыбаға жіберетін болған. Немесе үйіне қонаққа шақырып, соғымнан дәм татқызатын болған. Сонымен қатар, біздің қазақтың даналығы сол соғым иесі ағайынның, көрші-қолаңның балаларын да ескерусіз қалдырмай, оларға бүйрек, жүрек, бауыр, ет араластырып, сыбағаларын беріп тұрған. Ондағы мақсат-иман жүректі, бауырмал болсын деген ниет.

ҰМЫТ БОЛҒАН ТАҒАМ-ҮЛПЕРШЕК

Төркіндеу-әр келіншектің парызы. Бұл дәстүр әлі күнге дейін өз маңызын жойған жоқ, сақталған. Мұндайда қыздың ағайындары оған ерекше құрмет көрсетіп, риза етіп, аттандыруға тиіс. Төркіндеп келген қызға жылқының жүрегінен үлпершек деген тамақ дайындайды. Мұндағы мағына-қыз қайда жүрсе де ағайынның жүрегіне деген сөз. Үлпершек-қазақ дастарханында ұмытылып бара жатқан тағамның бірі.

ҮШ СӨЗБЕН ТӘРБИЕЛЕГЕН

Қазақ өз баласын үш сөзбен тәрбиелеген. Ол сөздер: «Ұят болады», «жаман болады» және «обал болады».

ТОҚЫМҚАҒАР ДЕГЕН НЕ?

Қазақта «тоқымқағар» деген дәстүр бар. Ауыл-үйдің қарттары жол жүрер болса ауыл жастары ауылда қалатын болса, бірінғай жиналып, «тоқымқағар» деген ас дайындалады. Бұл үлкен кісілердің жолы болуын тілеуден шыққан. Екінші мағыналы қолданысы-бала жаңадан ерттеулі атқа отырғанда жасалынатын тағам. Бұл жас баланың азамат болып, атқа отырғанына қуанышты білдіреді.

ІРГЕДЕН ШЫҒАРУ ЕНІШІСІН БЕРУ ЕМЕС.

«Іргеден шығару» дегенді елдің көбі енші берумен шатастырып жатыр. Ол олай емес. Іргеден шығару деген күйеуі қайтыс болған әйел өзінің әменгеріне емес, басқа біреуге тұрмысқа шығатын болса өзінің бұрынғы күйеуінің мүлкінен ешқандай үлес ала алмайды. Артынан, төркінінен келген өз мүлкін ғана алып кете алады. Осыны атам қазақ іргеден шығару деген.

ЕР АДАМНЫҢ ҚАЗАҚША ЖАСЫ ҚАЛАЙ АТАЛАДЫ?

Шақалақ, нәресте-бір жасқа дейін
Бүлдіршін-бір жастан үшке дейін
Балдырған-үштен беске дейін
Бала-алтыдан он екіге дейін
Ересек бала-он үштен он беске дейін
Бозбала-он алтыдан он тоғызға дейін
Жас жігіт-жиырмадан отызға дейін

Дүр жігіт-отыздан қырыққа дейін
Ер түлегі-қырықтан елуге дейін
Жігіт ағасы-елуден алпысқа дейін
Ел ағасы-алпыстан жетпіске дейін
Ақсақал-жетпістен сексенге дейін
Қария-сексен жастан жоғары



КҮЙЕУ БАЛА БАТА БЕРЕ МЕ?

Бата кез келген адамнан сұрала беретін дүние емес. Оның жолы бар, жөні бар.Күйеу бала қай жаста болса да осы әулетке күйеу бала болғандықтан тіпті жасы үй иесінен үлкен болса да бере алмайды. Оның терең тамыры өз ұрпағы жоқ болып, қыз ұрпағы билемесін деген ойдан туған. Әр руды өз ақсақалдары басқарған. Батаны да солар берген.

ЖЫЛ АТАУЫ. ЖЫЛ ҚАЙЫРУ.

Тышқан. Спыр. Барыс. Қоян. Ұлу. Жылан. Жылқы. Қой, Мешін. Тауық. Ит. Доңыз.

ҮМЕ ДЕГЕН НЕ?

Дәстүрдің тағы бірі-«Үме». Қазақстанның кейбір өңірлерінде маусымдық шөп шабу кезінде «үмеге шақыру» дәстүрі бар. Шөп шабысуға көмекке келген ағайынға арналып дайындалатын ас.

Әзірлеген Алтынбай СИҚЫМБЕК.

АЛАТАУ Ардагері
Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады
ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Ардагер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы облыстық «Ардагер ұйымы» филиалы
Директор:
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР:
Роза Айдарбекова
Тел.: 8 777 251 9310
ТІЛШІЛЕР:
Алтынбай Сиқымбек
Тел.: 8 705 965 3661
Рамазан Елешев
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.
Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.
Газет «Алматы-Бошақа» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 23-В.
МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.
«Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 4000.
Тапсырыс №2090
Индексі – 65472.